

### 13 дәріс. Логистикалық басқарудағы ақпараттық технологиялар

Ақпарат- сақтау, түрленіру, жөнелту және пайдалану нысаны болып табылатын қоршаған әлем туралы мәліметтер. Материалдық ағымдарды басқару үрдісінің негізіне логистикалық жүйелерде жүретін ақпараттарды өңдеу жатады. Осыған байланысты логистиканың маңызды түсініктерінің бірі – ақпараттық ағым түсінігі. Ақпараттық ағым - бұл логистикалық операцияларды басқару және бақылау үшін қажетті, логистикалық жүйелер мен сыртқы орта арасында жүретін, логистикалық жүйенің ішінде жүретін ақпараттар жиынтығы. Ақпараттық ағымдардың түрлендірілуі. Логистикалық функцияларға қатысты ақпараттық ағымдар қарапайым, кешендік, маңызды және базалық болып бөлінеді. Логистикалық жүйеге (ЛЖ) қатысты ағымдар төмендегідей болып бөлінеді: ішкі және сыртқы (сәйкессінше ЛЖ ішінде немесе ЛЖ мен сыртқы орта арасында жүретін ағымдар); горизонталлы, бұл ЛЖ иерархиясының бір деңгейіне жатады және вертикальды – логистикалық , менеджментін жоғары деңгейінен төменгісіне жылжитын ағымдар; кіретін және шығатын - ЛЖ-ге кіруіне не шығуына байланысты. Ақпаратты таратушылардың түрлері бойынша ең көп таралғаны қағаздардағы ағымдар (құжаттар), ал ақпаратты өңдеудің компьютерлік технологиясын қолдануда электронды видеограмма түріндегі магнитті тасымалдаушылар (магнитті ленталар, дискілер) және т.б. Ақпараттық пайда болу уақыты бойынша тұрақты ағымдар, мерзімді (уақытысы қатаң шектелген) және абоненттердің байланысын интерактивті және «on line» мен «off line» диалогтың тәртібінде қамтамасыз ететін жедел ағымдар болып бөлінеді. Мақсатына байланысты басқарушы ақпараттық ағымдар, нормативті-анықтамалық ақпараттарының ағымдары, шешім қабылдау кезінде есептеу үшін және талдау үшін қолданылатын ақпараттар және көмекші ақпараттық ағымдар болып бөлінеді. Ашықтық дәрежесі және маңыздылық дәрежесі бойынша , ашық, жабық, коммерциялық, құпия, қарапайым және тапсырыстық ақпараттық ағымдар болып бөлінеді.